



Автор: Жумағалиева Алмажан Жасуланқызы

Пән: Дүниежүзі тарихы

Сынып: 8-сынып

Бөлім: XIX ғасырдағы Ресейдегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы

Тақырып: Неге II Александр «Халық еркі» ұйымының құрбаны болды ?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	• 7.2.3.1 - Ресейде жаңа қоғамдық-саяси ағымдардың (халықшылдық, либерализм) пайда болу себептерін анықтау; • 7.3.1.3 - тарихи оқиғаны түсіндіру үшін «басыбайлы құқық», «декабристер», «халықшылдар», «жеке террор», «пролетариат диктатурасы» ұғымдарын қолдану
Сабақтың мақсаты:	II Александр патшаның “Халық еркі” ұйымының өлтіру себептерін анықтау
Бағалау критерийлері:	II Александрдің өлімін түсіндіруде «басыбайлы құқық», «желтоқсаншылар», «жеке террор», «пролетариат диктатурасы» ұғымдарын қолданады.
Пәнаралық байланыс:	Адам. Қоғам. Құқық

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Сіздер желтоқсаншылар туралы не білесіңдер, олар не үшін патшаға қарсы шықты деп ойлайсыңдар ?	
Сабақтың ортасы	• Уақыт сызығына оқушылар төмендегі мәліметтерді жылына сәйкес орналастыру керек : • 1. Декабристер көтерілісі болды • 2. II Александр патша болып сайланды • 3. Басыбайлылық құқық жойылды • 4. «Жер және еріктілік» ұйымы құрылды • 5. Ресейде өнеркәсіптік өсу орын алды • Төмендегі ұғымдардың анықтамалық жұбын табыңыз • Реформа • Мануфактура • Монархия • Декабристер • «Халық еркіндігі» Ж. Ресейде XIX ғасырда пайда болған қоғамдық ұйымдардың ішінде Халықшылдар қозғалысы белсенді болды. Осы тақырыпшаны оқи отырып, дәптерлеріңізге кесте құрастырып көріңіздер. Оқушыларда бірнеше нұсқа болуы мүмкін Мысалы : Халықшылдар теоретиктері Нәтижесі Мақсаты М. А. Бакунин П. А. Лавров П.Н. Ткачев Анархиялық Теориялық Революциялық Александр II 17.04.1818 – 01.03.1881 Ол таққа отырған кезде Ресейдің жағдайы өте ауыр болды. Шенеуніктердің жемқорлығы, басыбайлылық құқық, қоғамдағы тәртіпсіздіктер, бұқара халықтың жаппай кедейлікте өмір сүруі халық шаруашылығының дамуына кедергі келтірді. Елдегі шын жағдайды біле отырып, II Александр терең реформалар қажеттігін түсіне білді. Пікірталас - Бұл реформалар неге «ұлы» деп аталды ? - Реформаның қандай жағымды жақтары болды деп ойлайсыңдар ? - Неліктен «Халық еркі» ұйымы мүшелері бұл реформаларға риза болмады ? Бүкілсыныптық талқылау “Покушение на императора Александра II” қысқа бейнежазбасын көрсету арқылы дәптерлеріне орыс тілінен аударып, патшаға жасалған қастандықтар туралы мәлімет жазғызу	
Сабақтың соңы	Тақырыпқа қатысты тест тапсырмаларын таба отырып, оқулық пен хрестоматиядан өздері де 3 тапсырма құрастыру Дескриптор : Ақиқат, жалған жауаптары болу керек Бірнеше жауап нұсқасы болу керек Толық жауапты қажет ететін тапсырма болуы шарт Үйге тапсырма 1. II Александр патша «Халық еркі» ұйымының құрбаны болудың себептері жайлы қорытынды жазу. 2. «Халық еркі» ұйымының лаңкестік әдістері қаншалықты орынды болды?	